

## “ҰЛЫ ДАЛА ДАНАСЫ ҚОЖА АХМЕТ ЯССАУИ”

**Сайфудинова Насиба Сайдрахым қызы**

Шыршық мемлекеттік педогогикалық университеті Қазақ тілі және әдебиеті  
бағытының 1-курс студенті

**Байзаков Жандос Абдазимович**

**Ғылыми жетекшісі:** (PhD) Шыршық мемлекеттік педогогикалық  
университетінің оқытушысы

### АННОТАЦИЯ

Қожа Ахмет Яссауидің аңызға айналған қызықты өмірі жайлы сөз өрбиді. Қода Ахмет Яссауи сопылық дүниетанымның негізін қалаушы. Хақ жолда жүруші адам болып келер ұрпаққа танылған.

**Кілт сөздер:** кілеует, жертөле, намысшыл, есейіп, беймәлім, дүниелік, дәріс, ұрпақ сопылық. Ахмет Яссауи

### Abstract

The interesting life of Khoja Phmet Yasawi is being talked about. Koda Ahmet Yassauï is the founder of the Sufi worldview. The next generation is recognized as a righteous person.

**keywords:** luxury, basement, proud, grown up, unknown, worldly, lecture, generation sufism.

**Кіріспе.** Аты аңызға айналған Қожа Ахмет Яссауи түбінде Қожа болмаса да оны дінге қатты берілген, дін жолындағы адам болғаны үшін оның атына "Қожа" сөзін қосып айтып отырған. Оның толық аты жөні Хазірет Султан Шейх-ул Ислам Қожа Ахмет Яссауи болған. Яссауидің туған жылы беймәлім. Алайда, Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам деген жерде дүниеге келгендігі белгілі. 1166 жылы о дүниелік болған. Әкесі Шейх Ибрахим түркі тектес тайпасынан шыққан, дін қайраткері болған. Анасы болса, Айша қазақтар оны "Қарашаш ана" деп атаған. Яссауи алғаш ескіше хат таныған. Оған дін жолында сабақ беріп, сауатын ашқан ұстазы Бахаул-дин Испиджаб деген кісі. Ол жастайынан Иассы деп аталатын қалада тұрған. Иассы қаласы сол уақытта өркениеттің қайнаған ошағы болған.

**Негізгі бөлім.** Иассы қаласында Арыстан бабтан сабақ алады да, ұстазына деген құрметін жырына қосып жырлайды:

Жеті жаста Арыстан Бабқа қылдым сәлем,  
Хақ Мұстафа аманатын бер деп маған.  
Сол мезетте мың бір зікір еттім тамам,  
Нәпсім тиіп, Аллаға бет бұрдым міне.  
Құрма беріп, басым сипап, назар салды,  
Қоштасып бұл әлеммен кете барды,  
Мектеп көріп, қайнап-толып, тастым міне

Есейіп Бұхара қаласына барып, есімі ислам әлемін мәшһүр болған ұстаздардан дәріс алады. Дінді толығырақ үйреніп, өз еліне оралады. Өмірінің соңына дейін қыпшақ даласына ислам дінін дәріптеп өтіп кетеді. Ақынның Ибрахим деген ұлы, Гаухар Хошназ есімді қызы болады. Қазіргі таңда Қожа Ахмет Яссауидің ұрпақтары қай жерде болса, осы қызы Гаухар Хошназдан тараған ұрпақтар. Қожа Ахмет Яссауиден Ислам дінін үйреніп, оны дамытуға үлес қосқан шәкірттері өте көп. Оның ең алғаш шәкірті - ұстазы Арыстан бабтың баласы болған. Қожа Ахмет Яссауи Ислам әлемі бойынша әрбір адам төрт басқыштан өтуі керек деп жазады. Ол басқыштар: Шарифат, Тариқат, Маърифат, Хақиқат деп бөледі. Бұлар бір-біріне байланысты болып, Шарифатсыз Тариқат, Тариқатсыз Маърифат, Маърифатсыз Хақиқат жоқ деп біледі.

Шарифат дегені - ислам діні қағидалары мен шарттарын тақуалықпен мүлтіксіз орындауды әрі құдайға құлшылық жасауды талап етеді.

Тариқат - дін ғұламаларына шәкірт болып, жалған дүниенің түрлі лазаттарынан бас тарту, Аллаға деген сүйіспеншілікті арттыра түсіру.

Маърифат - дін жолын танып білу сатысы.

Хақиқат - Аллаға жақындап оны танып білудің ең жоғарғы сатысы, - деп түсініктеме беріп кетеді.

Аңыздарға қарағанда Қазіргі Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Яссауи кесенесін ұлы қолбасшы Әмір Темір құрғызған. Яссауи Әмір Темірдің түсіне кіріп, өзіне кесене салғызуын айтады. Әмір Темір жол жүріп Түркістан қаласына келіп, кесене салдыруды бастайды. Бірінші күні қаланған қыш ертесі күні қараса, бұзылып кетеді. Кетпе-кет үш күн бойы осылай жалғасады. Соңында, Әмір Темірдің өзі қарауылдап отырады. Түнде қараса бір бұқа келіп, тағы да қаланған қышты бұзып кетеді. Ертеңіне жиналып болды енді кесене құрамаймыз деген күні тағы да түсіне Яссауи кіреді. Ол менің ұстазым Арыстан баб, сен ол кісінің моласын басып өтіп келдің меннен бұрын сол кісіге кесене құрғыз деп айтады. Ертеңіне Әмір Темір бабамыз жол жүріп, Арыстан бабтың басына барып, кесене құрғызға бастайды. Кейіннен келе Қожа Ахмет Яссауидің кесенесі құрылады. Осыдан білуге болады, ұстазына деген құрметтің күшті болғанын. Тағы бір деректе Ахмет Яссауи 63 жас Пайғамбар жасына жеткен соң Пайғамбар жасынан

асып, жер бетін басып жүре алмаймын, - деп жертөле қазып, хілеует жерге түсіп, сопылық дүниемен шұғылданады. "Арыңды сақта болсаң да малға кедей", - деген нақыл сөзі арқылы оның табиғатынан намысшыл адам болғанын байқаймыз.

**Қорытынды.** Өз дәуірінде әртүрлі шалғытушы діндер дамып келе жатқан уақытта Алланы тануға ислам дінінің таралуына ықпалын тигізген. Ахмет Яссауидің өміріне назар аударсақ бүкіл өмірін білім алу, дін жолында ілім үйретумен өткізген. Ахмет Яссауидің өміріне үңіле отырып өзінің тік мінезділігімен, қайтпас қайсарлығымен өмір жолын мазмұнды өткізгенін байқаймыз. Оның өмірін оқи отыра әрі діни тараптама әрі адамилық қасиеттер жайлы үлгі алар кезеңдері көп.

### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:**

- 1)Қазақ мәдениеті энциклопедияның анықтама Алматы. Аруна 2005ж
- 2)Қазақ ұлттық энциклопедиясы
- 3)Х.Сүйіншәлиев "Қазақ әдебиетінің қалыптасуы" Алматы 1967ж
- 4)Яссауи Қ. Хикмет жинақ Алматы 1998ж